

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО ТОРГОВЛИ И
ИНТЕГРАЦИИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы,
ғимарат 8,
тел.: 7 (7172) 749109, факс: 7 (7172) 749897
e-mail: mti@mti.gov.kz

010000, город Нур-Султан, район Есиль, проспект Мангилик
Ел, здание 8,
тел.: 7 (7172) 749109, факс: 7 (7172) 749897
e-mail: mti@mti.gov.kz

2021 жылғы 24 қыркүйектегі № ДЗ-280 хатқа

Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісі

«Ақжол» фракциясының депутаттары

Д. Еспаеваға
А. Перуашевқа
А. Әбілдаевқа
Е. Барлыбаевқа
Б. Дюсембиновке
Е. Ерубасевқа
А. Жумабаеваға
Қ. Исаға
А. Линникке
М. Раманқұловаға

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Қытаймен шекара арқылы жүктерді тасымалдаумен байланысты проблемалар туралы сұрау салуларыңызды қарап, мынаны хабарлайды.

Министрлік екіжақты ынтымақтастық мәселелерінің кең ауқымы талқыланатын ҚХР-мен сауда-экономикалық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылдың негізгі тетігі болып табылатын Қазақстан-Қытай ынтымақтастық комитетінің сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі кіші комитетінің жұмысы шеңберінде шекарадағы қалыптасқан жағдайды шешу бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізуде. Сондай-ақ, екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықтың өзекті және проблемалық мәселелерін, оның ішінде қазақстан-қытай шекарасының өткізу пункттерінде өткізу қабілетін арттыру мәселесін талқылау үшін ҚХР Коммерция министрлігімен екіжақты келіссөздер жүргізілуде.

Министрлік өткізу пункттерінде проблемалық мәселелерді тез арада реттеу мақсатында мынадай іс-шаралар өткізді:

1) 2020 жылғы 23 шілдеде онлайн форматта Кіші комитеттің 11-отырысы өтті;

2) 2021 жылғы 1 наурызда ҚХР Коммерция министрінің орынбасары Ван Ван Вэньтаомен «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығының Қазақстан-Қытай халықаралық орталығын дамыту мәселелері бойынша онлайн келіссөздер өтті;

3) 2021 жылғы 27 сәуірде ҚР Сауда және интеграция министрі Б. Сұлтанов пен ҚХР Коммерция министрі Ван Вэньтао онлайн келіссөздер өткізді.

Сонымен қатар, Мемлекет басшылары деңгейінде телефон арқылы сөйлесу өтті, екі елдің Сыртқы істер министрліктерінің өкілдері арасында түрлі деңгейдегі келіссөздер, сондай-ақ елші мен ҚХР-дағы ҚР Елшілігінің қызметкерлері Қытайдың мүдделі мемлекеттік органдарымен кездесулер өткізілді.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдың қыркүйек айында Премьер-Министрдің орынбасары – ҚР Сыртқы істер министрі М. Тілеуберді мен ҚХР Сыртқы істер министрі Ван Вэньтао келіссөздері ұйымдастырылды, Қытайға қазақстандық өнімі бар бірнеше мың контейнер әкелу мәселесін шұғыл шешу, сондай-ақ ҚХР порттарында қалып қойған қазақстандық кәсіпорындардың 1132 контейнерін жөнелтуді жеделдету қажеттігі туралы нота жіберілді.

2021 жылғы 29 қыркүйекте ҚР Премьер-Министрі А. Маминнің атынан ҚХР Мемлекеттік кеңесінің Премьері Ли Кэцянның атына ҚР мен ҚХР шекарасындағы өткізу пункттері арқылы жүк автомашиналары мен пойыздарын өткізуді ұлғайту мәселелері бойынша хат жолданды.

Қытай тарапымен келіссөздер қорытындысы бойынша «Бақты-Покиту» (2020 жылғы 5 қараша) және «Майқапшағай-Зимұнай» (2021 жылғы 5 қыркүйек) Қазақстан-Қытай автомобиль өткізу пункттерінің жұмысы жаңартылды.

Қытай тарапының ақпараты бойынша, «Қалжат-Дулаты» өткізу пунктінің жұмыс істеуін қалпына келтіру үшін ҚХР аумағында ағыту/тіркеу алаңдары, дезинфекция жүргізуге арналған жабдықтар мен құрылыстар, кедендік тексеру залы және т.б. түрінде қосымша инфрақұрылым салу талап етіледі, ШҰАА Халық үкіметі көрсетілген объектілерде құрылыс жұмыстарын жүргізеді.

Осыған байланысты, ҚР мен ҚХР шекарасындағы өткізу пункттері арқылы жүк автомашиналары мен поездарды өткізуді ұлғайту ШҰАА әкімшілігі тиісті жұмыстарды жүргізгеннен кейін жүзеге асырылатын болады.

Сонымен қатар, кедендік реттеуді (тауарларды ҚР кедендік шекарасы арқылы өткізу, оның ішінде транзит, электрондық кезекті қалыптастыру) ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті жүзеге асыратынын атап өтеміз.

Министрлік өз кезегінде Қазақстанның ҚХР-мен шекарасында болып жатқан процестерге тұрақты негізде мониторинг жүргізеді.

Құрметпен,

**Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция
министрі**

Б. Сұлтанов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО ТОРГОВЛИ И
ИНТЕГРАЦИИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы,
ғимарат 8,
тел.: 7 (7172) 749109, факс: 7 (7172) 749897
e-mail: mti@mti.gov.kz

010000, город Нур-Султан, район Есиль, проспект Мангилик
Ел, здание 8,
тел.: 7 (7172) 749109, факс: 7 (7172) 749897
e-mail: mti@mti.gov.kz

на письмо № ДЗ-280 от 24 сентября 2021 года

**Мажилис Парламента
Республики Казахстан**

Депутатам фракции «Ақжол»

**Д. Еспаевой
А. Перуашеву
А. Абильдаеву
Е. Барлыбаеву
Б. Дюсембинову
Е. Ерубасеву
А. Жумабаевой
Қ. Иса
А. Линнику
М. Раманкулову**

Уважаемые депутаты!

Министерство торговли и интеграции Республики Казахстан (далее - *Министерство*) рассмотрев Ваш запрос о проблемах с перемещением грузов через границу с Китаем сообщает следующее.

Министерством на регулярной основе проводится работа по разрешению сложившейся ситуации на границе в рамках работы Подкомитета по торгово-экономическому сотрудничеству казахстанско-китайского Комитета по сотрудничеству, который является основным механизмом взаимодействия в сфере торгово-экономических отношений с КНР, где обсуждается широкий круг вопросов двустороннего сотрудничества. Также проводятся двусторонние переговоры с Министерством коммерции КНР для обсуждения актуальных и проблемных вопросов двустороннего торгово-экономического сотрудничества, в том числе, вопроса увеличения пропускной способности на пунктах пропуска казахстанско-китайской границы.

Так, Министерством в целях скорейшего урегулирования проблемных вопросов на пунктах пропуска проведены следующие мероприятия:

1) 23 июля 2020 года в онлайн формате проведено 11-ое заседание Подкомитета;

2) 1 марта 2021 года состоялись онлайн переговоры с Заместителем Министра коммерции КНР Ван Вэньтао по вопросам развития Казахстанско-Китайского международного центра приграничного сотрудничества «Хоргос»;

3) 27 апреля 2021 года проведены онлайн переговоры Министра торговли и интеграции РК Б. Султанова и Министра коммерции КНР Ван Вэньтао.

Кроме того, состоялся телефонный разговор на уровне Глав государств, неоднократно проведены переговоры между представителями министерств иностранных дел двух стран на разных уровнях, а также встречи Посла и сотрудниками Посольства РК в КНР с заинтересованными государственными органами Китая.

Наряду с этим, в сентябре текущего года организованы переговоры Заместителя Премьер-Министра – Министра иностранных дел РК М. Тлеуберди с Министром иностранных дел КНР Ван Вэньтао, направлена нота о необходимости срочного решения вопроса ввоза в Китай нескольких тысяч контейнеров с казахстанской продукцией, а также ускорить отправку 1132 контейнеров казахстанских предприятий, застрявших в портах КНР.

29 сентября 2021 года направлено письмо Премьер-Министра РК А.Мамина в адрес Премьера Госсовета КНР Ли Кэцяна по вопросам увеличения пропуска грузовых автомашин и поездов через пункты пропуска на границе РК и КНР.

По итогам переговоров с китайской стороной возобновлена работа казахстанско-китайских автомобильных пунктов пропуска «Бахты-Покиту» (5 ноября 2020 г.) и «Майкапчагай-Зимунай» (5 сентября 2021 г.).

По информации китайской стороны, для возобновления функционирования пункта пропуска «Калжат-Дулаты» требуется строительство на территории КНР дополнительной инфраструктуры в виде площадок отцепки/прицепки, оборудования и сооружений для проведения дезинфекции, зала таможенного досмотра и др. Народное правительство СУАР ведет строительные работы на указанных объектах.

В этой связи, увеличение пропуска грузовых автомашин и поездов через пункты пропуска на границе РК и КНР будет осуществлено после проведения Администрацией СУАР соответствующих работ.

Вместе с тем, отмечаем, что таможенное регулирование (перемещение товаров через таможенную границу РК, в том числе транзит, формирование электронной очереди) осуществляет Комитет государственных доходов Министерства финансов РК.

Министерство, в свою очередь ведет на постоянной основе мониторинг за процессами, происходящими на границе Казахстана с КНР.

С уважением,

**Министр
торговли и интеграции**

Республики Казахстан

Б. Султанов

Б.М. Ахметов +7(708)6390567